

Ж.Ш. Резин

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан  
(E-mail: r.jumabek-59@mail.ru)*

### **Қазіргі көркем білім беру саласында көне мәдениеттегі бейнелеу өнерінің танымдық ролін оқытудың маңызы**

Мақалада ұлттың ілкідегі бейнелеу өнеріндегі таңба-рәміздерді қолдану қазіргі дизайн өнеріндегі үрдісі және жарнама саласында да ұлттық, әлеуметтік ерекшеліктерді сауатты бұрмаламай қолдануды көркем білім беру саласында оқытудың маңызы қарастырылды. Ұлттық мәдениет пен өнерді оқып үйренуде бағдар боларлық деп саналатын кейбір ұсыныстар ортаға ұсынылды. Адамзат қоғамындағы әлемнің көркем бейнесінің ерекше маңыздылығы талданды. Бейнелеу өнерінің, ілкі мәдениеттегі әлемнің көркем бейнесін құндылық тұрғысынан танудағы ролі айтылды. Білім алушыларға, зерттеу жұмыстары үшін әлемді көркем бейнелеу ұғымы туралы мағлұматтар беріледі. Ескі уақыттағы көркем өнердің болмыстың шартты көшірмесі екендігі дәйектелді. Еліміздің қазіргі көркем өнерінің ізденіс пен қайта түлеу үстіндегі үрдісі сараланды. Заманауи қоғамдық жүйенің талабына сай көркем өнерде дәстүрді сақтап қолданудың өзектілігі сөз болды. Әлемнің көркем бейнесінің бейсаналық деңгейдегі қорғаушы тетігі болатыны турасында және оның психологиялық қорғаныс қызметін атқаратыны мәлімделді. Ізденушілер мен жалпы шығармашыл жастардың ескерткіштер мен мәдени көріністерді зерттеудегі көкейкестілігінің маңызы өнертану ғылымының болашағына әсері баяндалды. Зерттеу үрдісінде және оқыту барысында бейнелеу мәтіндерін пайдалану, фольклорға қарағандағы алғашқы түрінде сақталғандығы үшін сауатты талдап дұрыс қолдануға болатыны жайлы қорытынды жасалды.

*Кілт сөздер:* көркем бейне, көркем өнер, студент, ізденіс, таным, қоғам, сана, таңба, көркем білім, зерттеу.

Ежелгі мәдениеттегі ұлттық өнердің дәстүрін оның үзілмес өрімін ширату келешек ұрпақтың үлесінде десек, онда сол жас ізденушілермен студенттерге ұлттық өнер өрісіндегі таңба-рәміздердің мән-мағынасын оқытып үйрету біздің үлесімізде.

Ұлттың ілкідегі бейнелеу өнеріндегі таңба-рәміздерді қолдану қазіргі дизайн өнеріндегі де белең алып келеді, жарнама саласында да ұлттық менталитет, архетип, стереотип сияқты әлеуметтік ерекшеліктер ескеріліп, этнотаңбалық кешенді сауатты бұрмаламай қолдануды көркем білім беру саласында оқытудың маңызы зор. Және де бұл мәселе, ежелгі қоғамдағы әлемді бейнелеуші киелі рәміз таңбалар болашақ шығармашылық тұлғалар тарапынан тек әшекейлік деңгейде үстүрт қолданылмай олардың алғашқы мәнін өзгертпей түсінікпен пайдалануда маңызды.

Көркем білім беруде ұлттық өнердің семиотикасын, тіптен рәміз таңбалармен дүние танымдық үлгілеу үрдістерін оқып үйренуге арналған пәндер жоқтың қасы. Осы көңіл толмас кейбір жайттарды ескере отырып, біздің тарапымыздан Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің педагогика факультетінде «Бейнелеу өнері» және «Дизайн» мамандықтарына арнап, «Қазіргі дизайн және этномәдениет», «Өнер семиотикасы» атты арнайы курстар енгізілді. Ұсынып отырған мақаламызда ұлттық мәдениет пен өнерді оқып үйренуге жеткілікті көңіл бөлінбей келе жатқан мәселелердің шешімін табуға бағдар боларлық деп саналатын кейбір ұсыныстарымызды ортаға салдық.

Біздің қарастырып отырған мәселемізде бейнелеу өнерінің, ілкі мәдениеттегі әлемнің көркем бейнесін құндылық тұрғысынан танудағы ролі зор, өйткені бейнелеуде ежелгі қоғамның рухани құндылық сипаты байырғы қалпында сақталған [1].

Адамзат қоғамында әлемнің көркем бейнесі ерекше маңызды орын алады. Оның көмегімен адамдар қоршаған ортаны түйсініп, қатынас, байланыстық заңдылықтарын қалыптастырады, білімі мен тәжірибесін жүйеге келтіріп, өзінің сезімі мен қажетін білдіреді. Көркемдік — адамдардың танымдылық қаруы және тылсым дүниемен іштесу құралы. Сондықтан да әлем көркем бейнесін жан-жақты зерттеу, оның қалыптасуын жүйелі талдау айрықша құнды болмақ. Болашақ шығармашылық тұлғалар, адамдардың байырғы шығармашылық әрекетін зерделей отырып, өздері қарастырмақшы болып отырған ежелгі ұлттық жәдігерлердегі нақышталған әлемнің көркем бейнелерін талдай отырып, олардың ілкі қоғамдағы даму барысын оның элементтерінің тарамдалу жолын қаузап келе, әлемнің көркем бейнелерінің генетикалық алғышартын анықтауға тырысулары керек. Әлемнің

көркем бейнесі маңызды мәселелердің бірі ретінде әртүрлі ғылым салаларының тоғысқан арнасына орналасқан, сол себепті әр саланың оған қосар өзіндік ерекше жайттары бар. Осыған ізденушілер баса назар аудару керек. Байырғы әлем бейнесін зерттеушілер ғылымның көптеген түрлеріне арқа сүйейді. Философия, эстетика және де антропология, психология мен физиология тағы басқа салаларда аса қомақты эмпирикалық материалдарды жинақтап, талдайды. Бұндай салалы сұрыптаусыз, ілкі мәдениеттің күллі өрісі және антропосоциогенездің кең ауқымы тұрғысынан қарастырылатын әлемнің көркем бейнесі сияқты күрделі құбылысты танып-білуіміз мүмкін емес. Сондықтанда ілкідегі өнер шығармалары холистік тұрғыда зерттелуі қажет деп санаймыз.

Ежелгі көркем мәдениеттің этнотаңбалық этнотілдік даму процесін жете меңгеру үшін жаңатас дәуіріндегі ең алғашқы образды таңбалық бейнелеу әрекетіне назар аудару керек. Тас дәуірінің бейнелеу әрекетінің образдық генезисі, көне дәуір символикасының генезисіне сауатты талдау жасауға мүмкіндік береді [2]. Білім алушылар зерттеу жұмыстарын, гносеологиялық тұрғыдан қарастырылатын әлемді көркем бейнелеу ұғымы, барлық ғылым түрлерінде қолданылатын үлгілеу түсінігінің жиынтығы және де өнерде қолданылатын үлгілеу осы жүйеде танымдық қызметінің ұйысқан түрі екендігін ескере отырып жүргізгендері ләзім. Дегенмен де, таңбалық жүйенің барлығын бірдей үлгі деп қарастыруға болмайды, оның ішінде тек мән мағынасы, дәл анықталған таңбаларды ғана үлгіге жатқызуға болады. Мұндай таңбалар мәдениетте де жиі кездеседі мәдени жәдігерлердің таңбалар кешені, басқа бір жүйенің изоморфизмдігін дәлелдеп тұр, сондықтан да бұл сияқты жүйелерді үлгі ретінде қарастыруға негіз бар деп айтуға болады.

Жас ізденушілердің назарына жоғарыда айтылғандарды саралай келе, мынаны айтуға болады, таңбалық образдық және материалдық үлгілер болмысты тану иерархиясының бірегей баспалдақтарын құрайды. Ежелгі көркем бейненің гносеологиялық образ екенін атап өтеміз, сондықтан да үлгіге образ ретінде, ақпараттар бастауы нысанының гносеологиялық қосалқы, яғни екінші орында болуына тура келетіндігін болжауымызға болады. Ұлттық көркем мәдениеттегі әлемнің көркем бейнесінің проблемасы, оның мәдени кеңістіктен тыс алар орны анықталмай тұрып, шешілуді қиын. Басқаша айтсақ, мәдени тұлға ретінде адамның ерекшелігі оны мәдени кеңістіктен тыс тұрған деп ұғынылатын табиғатпен қарсы қоюды талап етеді. Ескі уақыттағы көркем өнер мен табиғат шекарасы адамды мәдениет үрісіне жатпайтын басқа нысандардан бөліп қана қоймай, сол адам психикасымен іс-әрекетінің өзегін де жарып өтеді. Ондай шекараны жымдастырушы дәнекер ретінде болмыстың шартты көшірмесінің ауқымды кеңістігі өнерді атаймыз. Дәл осы өнер кеңістігінде адамзаттың ақыл ой, санасының сынағы мен интеллекттік ширатылуы өтіп келеді. Бұл сананың жетіліп тоқтаған кейіпі деп айтуға болмайды үлгідегі адам санасы да үлгілеуші сана болған, ол кездейсоқтықты заңдылыққа айналдыра отырып, ақыл ой дамуын тоқтатпайды. Айтылған мәселеге күллі адамзат ғұмырын ретроспективті түрде қараушы ұжым жады да бірігеді.

Мақаламыз болашақ шығармашыл тұлғаларға қазақтың ілкі мәдени ескерткіштеріндегі әлемнің көркем бейнесін зерделеуге бағыт-бағдар беруге арналған. Ұлттық көркем мәдениеті жағынан күрделі үлкен Қазақ елінің қазіргі көркем өнері ізденіс пен қайта түлеу үстінде. Қазіргі кезде елімізде мәдениетті сақтау және дамытудың ұлттық бағдарламасы жасалып, іске асу кезінде адамгершілік-рухани тәжірибені, мәдени мұра ескерткіштерін, этникаралық қатынасты зерттеу аса өзекті мәселе болып табылады. Ондай мәселелер экономикалық үрдістен де тысқары тұрмайды.

Ұлттық көркем өнер саласындағы мәліметтердің баға жетпейтін «банкісінің» тозуымен бірге өнердің дәстүрлі түрлерінің қажетті деңгейде жаңғыру мүмкіндігі де қиындай береді. Ең бастысы, мәдениеттің ішкі мазмұнын түсіну мүмкін болмай қалуы қауіпі де бар. Осының салдарынан заманауи қоғамдық жүйе талабы бойынша, көркем өнердің жаңа талаптарына жылдам икемделу мүмкіндігін игере алмасак, ұлттық дәстүрлерді сауатты қолданып, жаңа ұрпақ қолданысына ұсыну мүмкіндігінен алыстап кетеміз.

Әлемнің ұлттық көркем бейнесінің өзгеруі (онымен қоса этностың дәстүрлі санасы) оның бейімделу қасиетінің жойылуымен байланысты десек, ондай жағдайда көркемдік канондардағы өзгерістердің басқа нысандарға ауысуы мен сол жаңа мәнді нысандар айналасында жаңаша дәстүрлі көркем мәдениет қалыптасуы жүзеге асатыны туралы ойлар көптен бері айтылып жүр [3].

Тіршіліктің көркем бейнесі белгілі бір мәдени қауым үшін реттілік, үйлесімділік түрінде қабылданады, сондықтан да әлемнің көркем бейнесінің негізгі қызметі – қандай болмасын қоғам үшін психологиялық қорғаныс қызметін атқаратыны мәлім. Қазіргі кезге жеткен әлемнің ежелгі бейнелерінің фрагменттеріне сүйене отырып, оны өзара байланыстағы шынайы болмыстың мифологиясы ретінде әрі логикалық тұтастық қалпында жаңғыртуға болатынын байқадық.

Қарастырылған жүйе бойынша құрылған әлемнің көркем бейнесі қай халыққа тән болса-дағы, оның қоршаған ортамен, болмыспен әсерлесу негізінде күйзеліске ұшырамау үшін, оның этникалық бейсаналық деңгейінде қорғаушы механизмі болуы шарт, ол ұлттың әлемдік көркем бейнесінің ішкі тұтастық қалпын сақтап қалады деп тұжырымдауға болады. Студенттер мен жалпы шығармашыл жастардың негізгі ескерткіштер мен мәдени көріністерді зерттеуге, пайдалануға тұтас көзқарасы, олардың құндылығы, сақталуы мен мағлұматтың деңгейін неғұрлым терең анықтауға мүмкіндік туғызады. Сол арқылы олар әлемдік өнертану мен мәдениеттану аясынан өз орнын алады. Бұл тақырыптың жастар тарапынан зерттелуінің көкейкестілігінің бірі сонда – ежелгі дәуірдегі мәдени формалардың өткен кезін жүйелі түрде талдауға арналған, қазақтардың әлемнің көркем бейнесі туралы толымды да тың көзқарастағы зерттеулер мен жарияланымдар замана талабы деп батыл айтуға тиіспіз. Көркем білім жүйесіндегі әлемнің көркем бейнесі туралы оқып-үйренудің бастауы мен міндетін қарастырсақ, оның нәтижесі көнеліктер әлем бейнесінің болмысы қандай, ондағы адамның алар орны қандай деген сұраққа жауап іздеуден бастаса, дұрыс болар еді деген ұсыныс айтамыз. Іденісті ілкі қазақ жерін мекен еткендердің әлем бейнесінің негізгі элементтерін жаңғыртуға талпынып, әрі осы бейнені құраушы бөліктер арасындағы байланысты айқындап алу керек. Дүниенің көркем бейнесін құраушы сұлбаны қалпына келтіруді әуелі кеңістік пен уақыт туралы көне ұғымды сипаттаудан бастау керек, көне қазақтың әлем бейнесін екілік қарама-қарсылық терминдерімен суреттеу барысында қолданыстағы материалға нұқсан келтірмеуді ескеру қажет. Бұндай зерттеу бойынша ілкі мәдениеттегі әлем бейнесі ұйымдасқан неғұрлым жүйеленген болып, бұл оны әуелгі қалпынан ғылыми реттелген қалыпқа түсіреді. Өйткені қандай зерттеу әдіснамасында болмасын формализациясыз жұмыс істелмейді. Біздің ұлттық өнертануымыз дәстүрлі өнер саласында қайта қалпына келтіру бойынша елеулі ілгерілемелер жасады. Жас ізденушілер тарапынан дәстүрлі материалды мұқият зерттеу қазақ қолданбалы өнеріне сипаттаушы-жүйелеуші, көркем эстетикалық және құрылымдық талдау жасауға негіз болады.

Батыс елдерінің өнертануының материалдарды жинақтап, дифференциялау жағынан жетістіктері бар екені даусыз. Солай бола тұрса да дәстүрлі-ұлттық өнер саласындағы жұмыстарды қарастыра отырып қазақтың көркем мәдениетінің көріністеріне батыстық өнертану әдістерін шаблондық қолданудың кейбір икемсіздіктері байқалады. Себебі кеңестік кезде ғылым, білім және өнер орынсыз идеологиялық қызметке бағытталды. Бұл мәдени топтардың бір-біріне ықпал етуінің көптеген фактілері еленбейтін этноцентристік үрдістерден көрінеді. Дегенмен, күмән жоқ, қазақ және кеңес ғалымдарының еңбектерінде мәдениет жәдігерлері мен құбылыстарына жан-жақты талдау жүргізілді, оларды зерттеуге әр түрлі ғылыми пәндердің әдісін қолдану арқылы кешенді тұрғыдан келгендерін айтуға міндеттіміз. Ұлттық көркем-мәдениетіміздің болашақ зерттеушілері үшін дүниетанымдықтың сыртқа бағытталған (әлем туралы) және ішке бағытталған (адам туралы) екі аспектісін ескере отырып, қазақтың ілкі мәдени жәдігерлеріндегі адам дүниесі мен адамды қоршаған әлемді қоса қарастыру орайлы болады деп санаймыз.

Мақалада сөз болған нысандардың жекелеген ерекшеліктеріне орай айтарымыз, келешекте зерттелмекші ежелгі көркем өнердің материалдары аясын кеңейтуге ден қою керек, бұған ілкідегі аңыз, бейнелеу, колөнері туындыларын кіргізген дұрыс. Көнеліктер дүниетанымын зерттеуде ежелгі тастаңба өнерінің, жан-жақты толық мәнінде ғылыми бастау боларына дау жоқ [4]. Бұл жерде ізденушілер тек байырғы бейнелеу өнерін зерттеу әдіснамасында оның өзіне тән ерекшеліктерін ескеріп отырулары қажет.

Ежелгі әлемнің көркем бейнесін осындай семантикалық, жүйелік тәсіл арқылы қайта өңдеуде ілкі мәдениеттің антропологиялық кең ауқымына кірігетін, экология және материалдық рухани әлеммен қоса қарастырылса нәтижелі болады деп есептейміз. Ілкідегі және қазіргі көркем мәдениетті типологиялық салыстыру барысында көне кезең әлемінің көркем бейнесінің балама бейнесі тарихи шындыққа жақындай түсетіндей.

Қоршаған орта мен бейнелеу жүйесінің арақатынасы оның адамның сезім органдары арқылы игерілгендігімен айшықталмайды, қайта сол органикалық рецепторлар арқылы игерілген бірінші белгілерді, таңбалар арқылы екінші рет өңдеуімен айшықталады.

Сөйтіп, ұсынып отырған мақаламызда көне бейнелеу өнері таным құралы ретінде қарастырылады. Бейнелеу өнері мифтік дәуірдегі синкреттік мәдени кешеннің ажырамас бөлігі ретінде кірігеді, ол ғаламат космологиялық жүйелердің қалыптасу дәуірі. Мәдени жәдігерлердің шығармашылық жайы, басқа да киелендіру әрекеті сияқты әлем жаратылысына еліктейді және ғаламдық жөнге келтіру арқылы хаосты игеруге бағытталған, сондай жолдың бірі айқын ұйымдасқан

ғаламдық үлгі жасау. Ескіні жойып, дүниені қайта жарату ежелгі салттың негізгі идеясы болатын. Ол ежелгі сананың ілгері ой байламы мәдениетте, дүниенің көркем бейнесі арқылы да көрініс береді.

Ежелгі мәдениеттегі өнердің тууы мен қалыптасуын, адамзат дамуының жалпылама процесі ретінде қарастырсақ, онда бейнелеудің ежелгі дәуірдегі дүниенің көркем бейнесінде атқаратын нысандық-образдық қызметі айқындалады. Бейнелеу адамның рухани тәжірибесінің ерекше түрі, осы тұрғыдан ол адам ойының сыртқы белгісінің бір деңгейі ретінде әрі адамдардың өзара және ортамен, ғаламмен байланысының бір деңгейі ретінде қарастырылады. Сондықтан бейнелеу өнерінің дүниенің көркем бейнесіндегі ролі туралы ондағы таңба формаларының көне сызбаларының шығу тегі туралы негізгі екі бағытқа қысқаша тоқталуға болады. Әр құбылыстың шығу тәркінін біліп алмайынша, оның ішкі мәнісіне түсіну мүмкін емес. Демек өнер атаулының қоғам өмірінде атқаратын қызметін дұрыс түсінуіміз үшін біз оның ең көне замандағы түрлерін мұқият тексеріп алуға міндеттіміз.

Бірінші тұжырым бойынша байырғы адам өзінің табиғи инстинкті бойынша сыртта дене қимылының із-белгісін қалдырғаннан ләззат алған, мысалы: ағаш ою, тас қашау немесе балшық пен жартасқа қол іздерін салғанда. Ежелгі өнердегі кездесетін саусақ іздеріне ұқсайтын параллель сызықтар «макарон» кейде «лиандр» деп аталған [5]. Бейнелеу өнерінің әрі қарай дамуының қозғаушы күші ретінде адамның бейнеленуші нысанға деген қатынасын білдіруі жатады, ондай нысан қатарына байырғы адамның өмірінде маңызды орын алатын құбылыстар мен оқиғаларды да қосамыз. Екінші тұжырымда өнердің бейнелеуден басқа түрлері де, адамның тұрмыстық қажеттілігінен туындаған, яғни нақты нәтижесі мақсаттарға жету үшін қызмет ететін іс-әрекеттер мен заттар жасау барысында.

Өнер тууының осы екі негізгі жайын салыстырғанда мынаны байқауға болады, біріншіден, «суреткердің» техникалық тапқырлықтан шартты шешімге дейінгі жолын көрсек, екіншіден, көркем туындының мағынасы мен ілкі қоғамның әлеуметтік-экономикалық және мәдени құрылымның заңды байланысын ашуға ұмтылады. Екі жайтта, сырттай екі бөлек болғанмен де, жалпы ортақ мәнді тең жайдың екі тармағын сипаттайды. Біздің қай тұжырымды қолдауымызға қарамастан, бұндай әрекетті іске асыру мүмкіндігі екі бағыттың да өкіліне имманенттілік тән. Бұл жерде көркемдік істі эстетикалық шығармашылық па әлде болмысты өзгертуші құдіретті салт ретінде қарау айтылып отыр. Онда өнердің немесе таңбаның шығуы мәдениет дамуы мен әлеуметтік-экономикалық талаптармен үндестіктерге тәуелді адамзаттың ішкі қасиеттерінің шынайы қалпын ашу болып табылады. Байырғы өнер құрылымы жағынан қоғамдық тәжірибенің көпғасырлық ширатылуы мен көптеген факторлармен ұйысқан жаңаша құбылыс. Оның екі аспектісін бөліп айтуға болады, техникалық және орындаушылық бұлар бейнелеуге қажетті интеллекті немесе психологиялық негіз болған, айтылған психологиялық негіз жинақы образдың шығуы мен символдық ассоциацияның қалыптасуын қамтамасыз етті. Бұл категориялар, образдардың түпкі прототиптен аулақтауы мен абстракциялаудың әр деңгейін және бағытын бүркемелеп тұр.

Жоғарғы палеолиттің өзінде-ақ қалыптасқан өнердің формаларынан оның рефлекторлы-инстинкті емес, терең интеллектуалды табиғаты болғанын байқаймыз, яғни адам ойлауының жоғарғы деңгейінде және шығармашылық қиялдың әлеуметтік-ғұрыптық тәжірибесінің нәтижесінде дамыған. Сананың дамуының өрлеуі де осы дәуірге дөп келеді. Ойдың сапалы жіктелуі адамның санасыз әрекетінен пайда болған кездейсоқ формаларды түйсікті бейнелеу образдарына айналдырды да идеалды мен материалдықтың күрделі синтезін туындатып оны мәдени жәдігерлерде көрсетті. Таңбалыдағы тас бетіне нақышталған суреттер де адам санасының қалыптасуы мен ойлау жүйесінің биік деңгейінің куәсі болады [6].

Сол себепті көркем білім беру саласында ғана емес, жалпы білім беруде алуан түрлі мәдени мұрадан оқу үрдісіне әлемнің көркем бейнесі айқын көрсетілген архитектуралық және бейнелеу ескерткіштері таңдалып алынуы тиіс. Бұл ескерткіштердің кейбірін адамзатқа қайта таныстырған археологтар болса, кейбірі этнографтар болатын.

Зерттеу үрдісінде және оқыту барысында бейнелеу мәтіндері, фольклорлық мәтіндерге қарағанда, көне мәдениет жәдігерліктерін жүйелі талдауға неғұрлым жарамды деп есептеледі. Ежелде жазу болмаған жағдайда этникалық тәжірибе адамнан адамға тікелей жетіп отырады да ауызша фольклор құрайды.

Көп уақыт өткен сайын бұл ақпарат елеулі өзгерістерді бастан кешіреді. Көне заман мәтіндері бір айтушыдан екінші бір айтушыға ауысқанда сөзі болсын, әрпі болсын өзгеріске ұшырайды. Оған мысал – әр түрлі айтушыларда космогоникалық аңызды талқылаудың көп болуы. Кеңістіктік

құрылымдар болса салыстырмалы түрде алғашқы пайда болған күйінде жетеді, тек жел, су, қар оларды тоздырады, алайда бұл өзгерістер «көрініп» тұрады, демек, оларды «құжатты» және ғылыми түзетуге қолжеткізуге мүмкіндік бар.

Ежелгі әлемнің көркем бейнесін оқытуда, мәдени жүйені қайта қалпына келтіруді зерттеуде және оларды шығармашылық үрдісте қолдануды үйретуде, әлемді игеруші адамзат жинақтаған мол көркем-мәдениеттің қандай ескерткіштеріне сүйенген жөн деген сұраққа келетін болсақ, онда мәдени құбылыстарға әлем көркем бейнесінің бір элементтері ретінде қарау бұл сауалға жауап табуға себеп болады деген ойдамыз. Барлық мәдени бірлестік жүйенің өзара байланысты элементтері түрінде өзінің көркем бейнесін туындатып қалыптастырады.

Құрастырушы элементтерінің бірлігін сақтаған ең жетілген ескерткіштер көрерменді дәл қазіргі деңгейдегі түсінікте өзінің үйлесімділігімен таң қалдырмай қоймайды. Батыл түрде айтып кетуге болады: қазақ мәдениетінде әлемді тұтас бейнелеудің лайықты үлгілері баршылық, адам қолымен жасалған кез келген зат мәдениеттегі әлемнің көркем бейнесін сақтап қана қоймайды, сонымен бірге қоршаған ортаны эстетикалық қабылдау деңгейін де бағамдайды.

Оқушы жастарға үлгі боларлық көне мәдениеттің көркем бейнесін бір мақала аясында түгелдей қамту мүмкін емес. Сондықтан да элементтік және құрылымдық жағынан неғұрлым толыққанды және дүниенің көркем бейнесінің мысалы бола алатын мәдени ескерткіштер туралы қысқаша мағлұмат беруге тырыстық. Ежелгі замандардан бастап, бүгінгі қазаққа дейін созылған мыңдаған жылдардың жемісінен тас дәуірінен бері қарай жалғасып келе жатқан ұзақ дәстүрдің іздерін танып, оны оқытып, үйрету — біздің міндетіміз.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Фейнберг Е.Л. Две культуры. Интуиция и логика в искусстве и науке / Е.Л. Фейнберг. — М.: Наука, 1992. — С. 129.
- 2 Тұрсынов Е.Д. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері / Е.Д. Тұрсынов. — Алматы: Ғылым, 1976. — 200 б.
- 3 Нурланова К.Ш. Человек и мир. Казахская национальная идея / К.Ш. Нурланова. — Алматы: Қаржы-Қаражат, 1994. — 48 с.
- 4 Медоев А.Г. Гравюры на скалах / А.Г. Медоев. — Алма-Ата: Жалын, 1979. — 173 с.
- 5 Столяр А.Д. Происхождение изобразительного искусства / А.Д. Столяр. — М.: Искусство, 1985. — 298 с.
- 6 Максимова А.Г. Наскальные изображения урочища Тамгалы / А.Г. Максимова, А.С. Ермолаева, А.М. Марьяшев. — Алма-Ата: Өнер, 1985. — 144 с.

Ж.Ш. Резин

### **Значение познавательной роли изобразительного искусства в древней культуре в современном художественном образовании**

В статье раскрывается важность грамотного использования в современном искусстве, дизайне и рекламе древних знаков-символов с учетом национальных, социальных, культурных особенностей. Предлагаются некоторые направления, которые могут быть путеводителем в изучении и обучении самобытных национальных культур и искусства. Анализируются особая важность и ценность развития художественного образа мира в человеческом обществе. В статье изобразительное искусство рассматривается с ценностной точки зрения художественный образ мира древней культуры. Обучающимся для исследования дается информация о создании художественного образа мира. Обосновывается, что художественное творчество древнего времени — это условная копия бытия. Описывается процесс возрождения и поиски современного художественного творчества, происходящие в нашей стране. Отмечена актуальность сохранения и использования в художественной культуре народных традиций в соответствии с требованиями современного общества. Показано, что художественный образ мира на бессознательном уровне имеет защитный механизм и также исполняет функцию психологической защиты. Раскрываются значимая роль и актуальность исследований молодых ученых, студентов, их влияние на будущее в искусствоведческой науке. Утверждается, что процесс исследования и обучения использованию и анализ изобразительных текстов полезнее, чем фольклорных текстов, потому что они сохранили первозданный вид в большей степени, чем фольклор.

*Ключевые слова:* художественный образ, художественное творчество, студент, поиск, познание, общество, сознание, знак, художественное образование, исследование.

Zh.Sh. Rezin

## The importance of the cognitive role of the fine arts in the ancient culture of contemporary art education

The article reveals the importance of literate use in the modern art, design and advertising of ancient signs-symbols within national, social, cultural characteristics. The author suggests some ways that can be a guide in the study and teaching of original national cultures and art. The essential importance and value of the development of the artistic image of the world in human society is analyzed. In the article, fine art views from the value point of view the artistic image of the world of ancient culture. It is given information towards the creation of an artistic image of the world for the students' academic study. It is substantiated that the artistic creativity of ancient time is a conditional copy of life. It is clearly seen the description of the process of revival and the search for contemporary art creativity taking place in our country. The urgency of preserving and using folk traditions in the art culture in accordance with the requirements of modern society is described. It is stated that the artistic image of the world on the unconscious level has a protective mechanism and it also performs the function of psychological defense. The significant role and importance of researches of young scientists, students and its influence on the future in art criticism science is revealed. It is argued that the process of research and teaching the use and analysis of visual texts is more useful than folklore texts, because they retained a pristine appearance to a greater extent than folklore.

*Keywords:* artistic image, artistic creativity, student, search, cognition, society, consciousness, sign, artistic education, research.

### References

- 1 Feinberg, E.L. (1992). *Dve kultury. Intuitsiia i lohika v iskusstve i nauke* [Two Cultures. Intuition and Logic in Art and Science]. Moscow: Nauka [in Russian].
- 2 Tursynov, E.D. (1976). *Kazak auyz ađbietin zhasaushylardyn baiyrly okilderi* [Ancient Types of Carriers of Kazakh Oral Art]. Almaty: Hylım [in Russian].
- 3 Nurlanova, K.Sh. (1994). *Chelovek i mir. Kazakhskaia natsionalnaia ideia* [Man and the world. Kazakh national idea]. Almaty: Karzhy-Karazhat [in Russian].
- 4 Medoev, A.G. (1979). *Hraviury na skalakh* [Engraving on the rocks]. Alma-Ata: Zhalyn [in Russian].
- 5 Stoliar, A.D. (1985). *Proiskhozhdenie izobrazitel'nogo iskusstva* [The origin of fine art]. Moscow: Iskusstvo [in Russian].
- 6 Maksimova, A.G., Ermolaeva, A.S. & Mariashev, A.M. (1985). *Naskalnye izobrazheniia urochishcha Tamgaly* [Cave images of the Tamgaly tract]. Alma-Ata: Oner [in Russian].

G.A. Sultanova<sup>1</sup>, D.A. Turmuratova<sup>1</sup>, M.D. Seidahmatov<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Ye.A. Buketov Karaganda State University, Kazakhstan;

<sup>2</sup>I. Arabaev Kyrgyz State University, Bishkek, Kyrgyzstan  
(E-mail: GASultanova@mail.ru)

## Project management MS Project in software development

The article discusses the issues of creating software using the MS Project tool. The main methods of using application tasks with MS Project are shown. The technology of the life cycle of the software project is described: definition of the project implementation time, product evaluation, observation of the implementation and monitoring, establishment of links. The specificity of the content of the execution of the software product is singled out, in which the main tasks are indicated: the time spent on the project, the specialists needed for the project, the estimated costs. The author considers the issues of software for the implementation of the project plan, as well as the fulfillment of the methods of technical assignments. Conclusions are drawn about the use of a large number of complex problems, which makes it difficult to prepare a quick assessment of the problem.

*Keywords:* software, software product, MS Project, life cycle, communications, project management, project, technical capabilities.

At creation of software for control of projects I want to share the manual of use MS Project. As during a few years worked with projects, as a result methodical instructions on use MS Project are developed. It is the set of the proposals and simple methods for the decision of applied tasks by the project leader with the aid of MS Project. If the user acquires by one version, then in subsequent will work without problems. Given work is considered to 2014 versions. The type of the program is shown on the Figure 1.




Figure 1. The program of MS Project interface

Let's will remember the first version. For knowing it is not difficult, and for beginning it is necessary to remember. Moreover creation of the project of software is creation a few products [1].

During life cycle possibly performance of chief's various tasks. In the beginning of the project it is necessary answer two questions:

1. Time to execution of the project;
2. The evaluation of the project.

The chief's main obligation it preparation of the project by specified time and it will influence her price. Unexpected circumstances can take on the time of performance of the project. Sometimes possibly and the time reduction of performance of the project. The project leader should supervise, as contingencies are possible. There is the sole exit for performance of given task it - thorough planning, performance and errors correction in time, constant supervision of the problem. As a rule chief заканчваеr work after total check of the project. First of all it is necessary to find out on how much project left for performance schedule. Not seeing to external complexities MS Project is very simple in performance. For it is necessary to use - task, resource, schedule and their communication. Actually, it is database and user's interface for processing. They are task duration, volume directed resources and their various properties. If given properties will little, then you can добавить your work. Task is possibly to connect among themselves by различными connec-